



Автор: Сисембаева Инкар Аскаровна

Пән: Көркем еңбек

Сынып: 3-сынып

Бөлім: Сәулет

Тақырып: Ғимарат үлгілерін ойлап тауып,суретін салып үйренеміз. Сәулет жобасын ұжым болып жасаймыз. Таныстыру, талдау және бағалау Білім мен білік қоржыны

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	3.2.3.2 әртүрлі тәсілдермен және материалдармен (ермексаз, қолданыстан шыққан, қағаз материалдары) көлемді пішіндер жасау; 3.2.2.2 жұмысты орындау үшін әртүрлі әдістер мен материалдардыұсыну
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар жасай алады: • өзінің шығармашылық жұмысының идеясын, жасалу жолдары мен қолданған материалдары туралы айта алады; Оқушылардың көбі жасай алады: • Алған білімі бойынша жоба жасап, мұғалімнің көмегімен түсіндіре алады. Оқушылардың кейбірі жасай алады: • Тақырыпқа байланысты қосымша тапсырмаларды орындай алады.
Тілдік мақсаттар:	• Тақырыпқа байланысты қосымша тапсырмаларды орындай алады.
Күтілетін нәтиже:	балалардын сабақ орындауы
Бағалау критерийлері:	• Берілген тақырып бойынша тапсырмаларды орындайды. • Алған білімі бойынша жоба жасап, мұғалімнің көмегімен түсіндіре алады
Құндылықтарды дарыту:	Оқуға, білімге деген қызығушылығын арттырып, еңбекке баулу. Жеке және топта жұмыс жасай алу, ынтымақтастық
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Интернет-ресурстар, дерекқордан және интернеттен сабаққа қатысты ақпаратты іздеу;
Пәнаралық байланыс:	Дүниетану, қазақ тілі, әдебиеттік оқу.
Бастапқы білім:	Өткен бөлімдерде оқушылар әр түрлі бейнелеу шығармашылығымен уақытты, жыл мезгілінің ауысуын зерделеген болатын. Мысалы, көркем шығармашылық құралдарды қолданып, әр түрлі материалдардан коллаж жасау.Дәуір арқылы ертеден бастап қазіргі кезге дейінгі уақыт аралығын, сәндік қолданбалы өнер, кілем тоқу өнері, интерьер дизайны, аппликация техникасын қолдану арқылы адамдардың өмірі жайлы білу.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	Жаңа топ құру Психологиялық ахуал қалыптастыру. «Мен күлгенді ұнатамын» ойын жаттығуы Педагог балаларға:тұңжыраған жәнекөңілсіз,жабырқаған және ойланған көңілді және күлкілі;қайрымды және қуанышты,т.б.кейіпке еніп,бір бірімен рольге кіріп,адамдардың бейнесін келтіруге ұсынады.балалар айнаға қарап, әдемі ақкөңіл кейіпте күлімдейді.педагог осы «Мен күлгенді ұнатамын » жаттығуын күніне бірнеші рет қайталап көңіл күйді күлкімен көтеруге бола- тынын түсіндіреді. «Күлкі-көңіл күйдің сиқырлы кілті.Адам күлгенде өз көңіл күйін,өз денсаулығын жақсартады және айналасындағы адамдардың көңіл күйімен денсаулығына жақсы әсер береді.» Асық арқылы бөлу Сыныптағы бала санына қарай 3 түрлі асық шашылады,әр оқушы өзіне ұнаған түсті аладытүстер бір-бірін тауып, бір топ құрайды Жұмыс ережесін келісу Сабақта бір-бірімізді сыйлаймыз, тыңдаймыз! Уақытты үнемдейміз! Нақты,дәл жауап береміз! Сабақта өзіміздің шапшаңдығымызды, тапқырлығымызды көрсетеміз! Сабаққа белсене қатысып, жақсы баға аламыз! Оқу мақсатын таныстыру Күтілетін нәтижені анықтау	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы	Ширату тапсырмасы. Симметриялы суретті қалай салады деп ойлайсыңдар? Белсенді оқу тапсырмалары(топта, ұжымда) «Көршіңе әңгімелеп бер» Бұл әдіс оқушылар өз ойларын дауыстап айтып беру үшін пайдаланылады. Сұрақ қойыңыз, ойластыруға уақыт беріңіз, одан кейін оқушылардан өз ойларын көршілерімен бөлісуді сұраңыз, оқушыларға жаңа тақырыпты айтыңыз және осы тақырып бойынша өздері білетін барлық жағдайды көршісіне	
Сабақтың соңы	Жаңа білім мен тәжірибені қолдану Топтық жұмыс. «Галлерияда ой шарлау» Берілген тақырыпта топтық жұмысы жүргізіліп, әр топтың жұмысы қабырғаға ілінеді де, оқушылар жүріп, аралап, оған әр оқушылар кішкене жапсырма қағазға бағасын беріп, пікірін жазып жабыстырып кетеді. Ең жақсы баға алған топтың жұмысы қаралады.	
Рефлексия	Рефлексия (жеке,жұпта,топта, ұжымда) «СМС» кері байланыс.	